



«БЕКТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу
орталығы» РМҚК директоры

Р. Емелбаев

2023 ж.

**«Философия негіздері, мәдениеттану» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «Әлеуметтік - экономикалық пәндер» мамандығы, **Философия негіздері, мәдениеттану** біліктілігіне арналған «Философия негіздері, мәдениеттану» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Бөлім	№	Тақырып
01	Философия пәні, оның қалыптасуы және даму тарихы	01	Философия дүниетанымның өзегі ретінде Шығыс және Антик философиясы
		02	Ортағасырлық,Қайта өрлеу және Жаңа заман философия.
02	Мәдениеттану теориясының жалпы мәселелері	03	Кіріспе. Мәдениеттану – мәдениет туралы ғылым, Мәдениет және өнер.
03	Қазақ философиясы	04	Қазақ философиясының қалыптасуымен ерекшеліктері және дәстүр мен жаңашылдық.
04	Дүниежүзілік мәдениеттер мен өркениеттер	05	Архаикалық мәдениет. Миф – мәдениеттің бір түрі, Ежелгі Шығыс мәдениеті, Антикалық мәдениет
		06	Ортағасырлық араб-парсы мәдениеті
		07	Еуропалық Қайта өрлеу, Жаңа заман кезеңіндегі мәдениет, Ресей мәдениетінің дамуы
05	Философияның теориялық және методологиялық негіздері	08	Болмыс, материя, сана
		09	Диалектиканың негізгі категориялары ұғымдары
		10	Философиядағы қоғам, таным теориясы
06	Отандық мәдениеттің теориясы мен тарихы	11	Қазақ жеріндегі ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер, қазақ мәдениетінің бастауы
		12	Ортағасырдағы түркі мәдениеті, Көшпелі өркениет құндылықтары,
		13	Дәстүрлі қазақ мәдениеті, Халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері
		14	Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениетінің дамуы
		15	Қазіргі Қазақстан, Қарым-қатынас мәдениеті, Әлемдік ұйымдар және Қазақстан.
07	Әлеуметтік философия	16	Адам мәселесі, құндылықтар философиясы, адамгершілік бастаулары,
08	Дүниежүзілік діндердің мәдениеттің дамуындағы алатын орны	17	Жеке тұлғалық, Бостандығы және жауапкершілігі
			Көне діндер, Будда, Христиан, Ислам өркениеті

09	Қазіргі философияның өзекті мәселелері	18	Қазіргі қоғамның сипаты мен бірлігі, Ғылым мен мәдениеттің даму ерекшеліктері
			Прогресс, Адамзат болашағы
Мән-мәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.).			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Философия пәні, оның қалыптасуы және даму тарихы. Философия дүниетанымның өзегі ретінде. Философияның қоғамдағы ролі. Дүниетанымның тарихы түрлері-миф, дін философия. Материализм және идеализм-философияның негізгі бағыттары.Ежелгі Қытай философиясы. Антикалық философия-Фалес, Анаксимен, Гераклит, Парменид, Сократ, Демокрит, Платон, Аристотель, Рим тарихнамасының қалыптасуы. Орта ғасырлық философия.Араб-парсы философиясы. Патристика, схоластика-ортағасырлық философияның негізгі ағымдары. Ислам діні. О. Хайям, әл-Фараби, ибн-Сина, әл-Бируни ілімдері. Қайта өрлеу дәуірінің философиясы. Жаңа заман философиясы- таным әдісі. Ресей философияның дамуы.

Мәдениеттану теориясының жалпы мәселелері. Кіріспе.Мәдениеттану пәні оның міндеті. Мәдениет - адам әлемі. Қоғамдағы мәдениеттің негізгі қызметі. Материалдық және рухани мәдениет, оның құндылықтар жүйесіндегі орны. Мәдениеттің мұрагерлік адамды қалыптастыру қызметі. Мәдениет - күрделі қоғамдық құбылыс. Мәдениеттану ғылымның білімдік жүйесі олардың құндылығы. Мәдениет және өркениет ұғымының арақатынасы. Мәдениеттану ғылымы қоғамдық ғылымның саласы. Ойшылдардың мәдениеттанулық тұғырнамалары. Мәдениеттер типологиясы туралы қазіргі түсініктер. Мәдениет ұғымының даму логикасы және тарихы. Өнер туралы түсінік. Өнердің шығу тегі. Өнердің орындаушылық түрі. Сәулет өнері. Көркемөнер. Кино.

Қазақ философиясының қалыптасуы мен ерекшеліктері. Қазақ халқының дүниетанымы. Мұсылмандық ренессанс (Қорқыт ата, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Иассауи, Асан Қайғы, Мұхаммед Хайдар Дулати т.б.). XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының дүниетанымдық көзқарастары (Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Бұқар жырау, Ақтамберді жырау). Антропоцентризм және гуманизм (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А. Құнанбаев). Қазақ философиясындағы дәстүр мен жаңашылдық. XX ғасыр басындағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси ой-пікірі (Ш. Құдайбердиев, С. Торайғыров, А. Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Ә.Бокейхан, М. Шоқай, Халел, Жаһанша Досмұхамедовтар, М. Дулатов т.б.).

Дүниежүзілік мәдениеттер мен өркениеттер.Алғашқы қауым мәдениеті және оның сипаттамалары. Миф - мәдениеттің бір түрі. Алғашқы діндер. Шығыс мәдениетінің қалыптасуы мен ерекшелігі. Вавилон мәдениеті адамзат мәдениетінің ең көне орталығы. Египет мәдениетінің құндылықтары: пирамидалар, Мысыр жазуы, наным-сенімдері. Ежелгі Қытай мәдениетінің мәні: Конфуций, Дао ілімінің алатын орны. Үнді мәдениетінің негізгі бағыттары. алғашқы философиялық мектептер. Үнді халқының әдет-ғұрыптары. «Махабхарата» мен «Рамаяна» поэмалары - көне үнділік әдеби мұра. Ежелгі грек мәдениетіндегі мүсіндеу және сәулет өнеріндегі дүниетанымдық көзқарас. Афина демократиясы және оның маңызы. Антикалық Рим мәдениетіндегі жаңашылдық. Рим тарихнамасының қалыптасуы. Ортағасырлық араб-парсы мәдениеті мен ислам. Исламды қабылдаушы елдердің рухани және материалдық мәдениетіндегі ерекшеліктер. Парсы мәдениетінің құндылықтары. Қайта өрлеу мәдениетінің кезеңдері. Ағартушылық кезеңіндегі Еуропа мәдениеті. Данте, Леонардо да Винчи, Рафаэль, Мекелланджело және олардың әлемдік мәдениеттегі орны. Қайта өрлеу дәуірінің өнер туындылары. Жаңа дәуір мәдениетіндегі ғылым мен техниканың маңызы. Ағартушылық дәуіріндегі Еуропа мәдениеті. Ежелгі Русь мәдениеті. Ежелгі славяндардың дүниетанымы.

Философияның теориялық және методологиялық негіздері. Болмыс. Материя. Сана ұғымдары.Субстанция мәселесі. Материя ұғымының философиялық мәні. Кеңістік және уақыт

ұғымдары. Адам санасы және рухани әлемі туралы ғылыми түсініктер. Адам психикасының құрылымы: сана, санасыздық, өзіндік сана. Диалектиканың тарихи формалары, диалектика заңдары. Философиядағы қоғам, адам және қоғамдық қатынастар туралы ой-пікірлер. Рухани қоғамдық өмірдің мәні. Өндірістік қатынастар, өндіргіш күштер. Таным теориясы. Танымның объектісі мен субъектісі. Ақиқаттың түрлері. Дүниені танып білудің мәні.

Отандық мәдениеттің теориясы мен тарихы. Қазақ жеріндегі ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер, қазақ мәдениетінің бастауы, Ортағасырдағы түркі мәдениеті, Көшпелі өркениет құндылықтары, Дәстүрлі қазақ мәдениеті, Халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері, Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениетінің дамуы, Қазіргі Қазақстан. Қарым-қатынас мәдениеті, Әлемдік ұйымдар және Қазақстан.

Әлеуметтік философия. Философия тарихындағы адам мәселесі. Әлеуметтік философия түсінігі және негізгі принциптері. Адам проблемасы, адамға берілген анықтамалар. Адамның пайда болуы туралы түсініктер. Адамның әлеуметтік мәні және ұлттық тұрпаты. Адам бойындағы табиғи және қоғамдық сипаттың үйлесімділігі. Құндылықтар философиясы. Адамгершілік бастаулары. Игілік, мейірімділік, қайырымдылық, әділдік, ізгілік, ар-ұят, беделділік, заңдылық, тәуелсіздік, зұлымдық ұғымдары. Адамның рухани байлығының өлшемі. Адамның қажеттіліктері мен мүдделері. Жеке тұлғалық. Бостандығы және жауапкершілігі. Дара тұлға, даралық түсініктерінің мазмұны. Ерік, еркіндік түсініктері.

Дүниежүзілік діндердің мәдениеттің дамуындағы алатын орны. Будда мәдениеті. Үнді мәдениетіндегі діннің алатын орны. Будда діні. Будда мәдениетінің таралу тарихы. Индуизм. Христиан өркениеті. Христиан дінінің шығуының әлеуметтік -мәдени алғы шарттары. Христиан дінінің құндылықтары. Католик діні және Рим папасы. Праваславия діні. Ислам өркениеті. Ислам мәдениетінің шығу тарихы мен таралуы. Құран - исламның қасиетті кітабы. Ислам дініндегі ағымдар. Қазіргі ислам өркениетінің әдет-ғұрыптары және бүгінгі ислам. Ислам теориясы мен практикасы. Исламдық көзқараспен жазылған әдеби шығармалар. Исламның діни мәдени салт-дәстүрлері. Ислам және өркениет.

Қазіргі философияның өзекті мәселелері. Табиғатпен қоғамның бірлігі мен байланысы. Халық санының өсуі. Биосфера, экология мәселелері. Қоғамның тарихи типтері, қозғаушы күштері. Қоғамды зерттеудің методологиялық негізі. Ғылым және ғылыми көзқарас, мәні мен ерекшелігі. Қоғамдағы прогрестің тарихи типтері. Дүниежүзілік тарихи дамудың бірлігі мен өзгешеліктері. Ғылыми-техникалық революция, ғылыми прогностика. Адам және адамзаттың ауқымды проблемалары. Жаңаша ойлау.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа -1,5-2 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.


Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Д.Кішібеков, Ұ.Сыдықов Философия оқулық –Алматы,2002
2. Г.Кактаева Философия негіздері оқулық Астана,2010
3. Т.Х.Ғабитов, Ж.М.Мүтәліпов,Ә.Ш.Әлімжанова Мәдениеттану Алматы ,2012
4. Нағымұлы Ш. Мәдениеттану 2007

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Техникалық және кәсіптік
білім департаменті


(қолы) (Т.А.Ә)
« » 2023ж.

Handwritten signatures and initials at the bottom of the page.